

Федоровка қазақ орта жалпы білім беретін мектебі

Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы туралы есеп.

Мектепте Қамқоршылық кеңесі құрылған іс – шара жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде, тоғыз адамның құрамы бекітілген. «Қамқоршылық кеңес» құрамы 1. Байарыстанова М.М – зейнеткер- қамқоршылық кеңес төрайымы. 2. Агишева Г.С – жеке кәсіпкер 3. Мендибаева А.Ж – жеке кәсіпкер 4. Бақытова А.Г-хатшы Теректі аудандық әкімшілігі. 5. Табынғалиева А.Ж – күзетші Аудандық прокуратурада. 6. Нұржанов Ж.И – «Іскер құрлысшы» жеке кәсіпкер. 7. Абельханова А.Б – жеке кәсіпкер. 8. Онбаев Ә.С – жеке кәсіпкер. 9. Халелова Г.Б – үй қызметшісі. Кеңес мүшелерін қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен және Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстырылды. Жыл бойы жүргізілетін шараларға қамқоршылық Кеңесінің қатысатындығы айтылды. Жоспар бойынша қамқоршылық Кеңестің үш отырысы өткізіліп, күн тәртібіндегі жұмыстар талқыланады.

Сонымен қатар қаңтар-ақпан айында өтілген «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы барысында ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, жетім, аз қамтылған отбасынан шыққан, көп балалы отбасындағы оқушыларға көмек берілді. «Қамқорлық» акциясы барысында ата – аналардың өз демеушілігімен түскен киім – кешек, оқу құралдары алынып, Қамқоршылық кеңестің шешімімен аталған санаттағы оқушыларға берілді.

Көктем айларында мектеп ауласын гүлдендіру мақсатында мектеп ұжымы тарапынан 7000 (жеті мың) теңге қаржыға шырша ағашы, 5000 (бес мың) теңгеге раушан гүлдері алынды.

Жаз айларында оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектепшілік «Балдәурен» лагеріне 102 бала қамтылды.

Мектеп бойынша тұлдыр жетім 3 оқушы, аз қамтылған 6 оқушы, толық емес отбасы 13 оқушы, көп балалы 9 отбасы бар. 2019 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы бойынша әлеуметтік көмекті қажет ететін 8 балаға ата-аналардың өз еркімен демеушілік көрсетіліп, барлығы 28000 (жиырма сегіз мың) теңге мектеп мұғалімдер ұжымының «Мейірімділік» қорынан 55 000 (елу бес) мың теңге барлығы 72 000 (жетпіс екі мың) теңге қаржыға киім – кешек, оқу құралдары алып берілді. Міндетті білім беру қорының есебінен 100 оқушыға бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Осы оқу жылында 1-11 сыныптар арасында «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі» тақырыбында қамқорлық кеңес мүшелерінің қатысымен барлық сыныптардың ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста ата-аналарға қауіпсіздік шаралары, балаларын әлеуметтік желілерге отырғанда қадағалаудың түрлері, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын –алу жұмыстары, баланың психо-эмоционалдық жағдайы туралы кеңес мүшелері сөйледі. Балаларымен әңгіме кеңес жүргізіліп, балаларды қадағалау керектігі түсіндірілді. Әртүрлі әлеуметтік желіде қазіргі уақытта көбейіп кеткен қоғам үшін қауіп мол ойындарға балалардың кірмеуі қатаң қадағалануы қажет екені айтылды. Сонымен қатар балалардың қалта телефонындағы әлеуметтік желілерді ата-ана тарапынан үнемі қадағалап отыруы қажет екеніне баса назар аударылды. арнайы іс-

шаралар, «Құрметті тұлға» кездесулер ұйымдастырылып қамқоршылық Кеңесі үнемі қатыстырылып отырады.

Мектептің асханасына М.Жанғалиев, Н.Абдулов, Ә.Сарбасова, А.Калбиров, Қ.Төлепбергенова, Б.Айтжанова, Г.Төремұратовалар демеушілік жасап 15000 (он бес мың) теңгеге өздерінің ұйымдастыруымен демеушілік жасады.

Балалардың асыға күтетін мерекесі «Жаңа жыл - 2020» шырша тойы. Мектептің өтетін шыршасына Идитов С.С демеушілігімен 100 000 (жүз мың) теңге тұратын төрт метрлік шырша сыйласа, ата – аналар тарапынан өз еріктерімен үйден оқытылатын үш оқушыға, қамқорлықтағы үш оқушыға 12000 (он екі мың) теңге тәтті сыйлықтары берілді.

Қорыта айтқанда, 2019-2020 оқу жылында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасындағы балаларға көмек көрсетілді. Алдағы оқу жылында жоспарланып отырған іс-шараларымыз өз мәнінде жүреді деген сенімдеміз.

Мектеп директоры:  Г.Б.Курматова

